

ӘОЖ 070 (091)

Н. Балтоғаева

Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 1-курс магистранты

Қазақстан, Алматы қ.

e-mail: narkes_bal@mail.ru

Қазақ журналистикасының өзекті мәселелері

Мақалада қазақ журналистикасының өзекті мәселелері сөз болады. Әр мемлекетте баспасөздің ұлттық және тәуелсіз сипат алуы қарап тұрсаңыз, егемендік пен еркіндіктің символындай болып көрінеді. Елдің тарихының өткенін зерттеп, бүгінін талдап, ертеңіне дейін болжап жазар баспасөз – мемлекеттің әр мүшесінің ақпарат көзіне айналған. Барлық басылымдар саяси-әлеуметтік, әдеби-қоғамдық ұстаным мен бағыттарына қарай ел тынысын, жаңалығы мен жалпы хабарын сол сипатта мазмұндайды.

Дегенмен бұл тақырыпта сөз қозғамас бұрын, алдымен, баспасөзді ақпаратпен қамтитын журналистиканың жеке өз алдына ғылым ретінде тану – көптеген мамандармен мойындалмай жүргендігін айта кеткен жөн. Бұл отандық көлемдегі дәйек қана емес, жалпы әлемдік журналистиканың ғылымның критерийлеріне сай еместігінің дәлелі. Әлбетте, кез келген ең жеңіл деген әрекеттің өзі теорияға негізделеді. Бұл – бүгінгі таңда журналистиканы ғылыми-теориялық негіздеу және нығайтуды өзекті мәселеге айналдыру қажеттілігін туындатып отыр.

Түйін сөздер: қазақ журналистикасы, PR, саяси идеология, журналист этикасы, баспасөз, саяси ықпал.

Н. Балтоғаева

Основные проблемы казахской журналистики

В этой статье журналистская этика рассматривается в качестве основной проблемы казахской журналистики. Рассмотрев стыки науки и практики в тенденции специальности журналистики, вопрос упирается в то, что некоторые главные и основные проблемы казахской журналистики на сегодняшний день не приняты как самостоятельные сферы науки. СМИ за все время своего существования являются сильнейшей пропагандой политической идеологии. В этой связи оно допускало грубые нарушения этики, служа не в целях восполнения духовной потребности народа, а ради влияния на его сознание какой-либо идеей. Это – конкретные факты, определяющие не научные стороны журналистики и доказывающие, что журналистика является социально-политическим инструментом, который наблюдает за обществом и передает информацию власти. Из это исходит самый опасный враг объективности, самого главного критерия этики – политическое влияние.

Но прежде чем затронуть данную тему, хотелось бы отметить, что идея рассмотрения журналистики, обеспечивающей прессу информацией, как отдельной науки не нашла признания многими специалистами. Это аргумент не только отечественного масштаба, но и в целом, доказательство несоответствия мировой журналистики критериям науки.

Ключевые слова: журналистская этика, журналистская практика, пресса, PR, научно-теоритическое обоснование казахской журналистики.

Baltogayeva N.

The main problems of Kazakh journalism

In this article journalistic ethics is considered as the main problem of Kazakh journalism. Having considered the intersection of science and practice in a tendency of specialty of journalism, the question rests against the fact that some important and major issues of Kazakh journalism is not accepted as independent spheres of science today. Media, for all of its existence, is the strongest propaganda of political ideology. In this regard it allowed violations of ethics, serving not for completion of spiritual needs of people, but for the effect on their mind by some idea. There are the concrete facts that determine non-scientific side of journalism and provide that journalism is a socio-political instrument that monitors society and transmits information of the government. From this proceeds the most dangerous enemy of objectivity, the most important criterion for ethical - political influence.

But before we raise the subject, I would like to note that the idea of considering journalism, that provides media by information, as an independent science has not found acceptance by many experts. This argument is not only a national scale, but in general it is a proof of non-compliance of the world journalism to science criteria.

Key words: journalism ethics, journalistic practice, media, PR, scientific-theoretically justification of Kazakh journalism.

Әр мемлекетте баспасөздің ұлттық және тәуелсіз сипат алуы бір қарап тұрсаңыз, егемендік пен еркіндіктің символындай болып көрінеді. Елдің тарихының өткенін зерттеп, бүгінін талдап, ертеңіне дейін болжап жазар баспасөз – мемлекеттің әр мүшесінің ақпарат көзіне айналған. Барлық басылымдар саяси-әлеуметтік, әдеби-қоғамдық ұстаным мен бағыттарына қарай ел тынысын, жаңалығы мен жалпы хабарын сол сипатта мазмұндайды.

Дегенмен, бұл тақырыпта сөз қозғамас бұрын, алдымен баспасөзді ақпаратпен қамтитын журналистиканың жеке өз алдына ғылым ретінде тану – көптеген мамандармен мойындалмай жүргендігін айта кеткен жөн. Бұл отандық көлемдегі дәйек қана емес, жалпы әлемдік журналистиканың ғылымның критерийлеріне сай еместігінің дәлелі. Әлбетте, кез-келген ең жеңіл деген әрекеттің өзі теорияға негізделеді. Бұл – бүгінгі таңда журналистиканы ғылыми-теориялық негіздеу және нығайтуды өзекті мәселеге айналдыру қажеттілігін туындатып отыр. Журналистика саласының осы бағыттағы /әрекеттер негізінде/ нағыз өзекті мәселелер жиынтығын мысалға келтірейік. Сонымен, ғылым қалыптастырған қағидаттар мен БАҚ еңбегінің нәтижесі бір арнаға тоғыса алмай келеді. Егерде біз бүгінгі күні өзекті болып тұрған осы мәселені өз алдымызға сұрақ етіп қояр болсақ, оған /журналистикалық әрекеттер барысында/ негіз болар кейбір дәлелдерді себеп етіп көрелік.

Біріншіден, ғылымның түпнегізінде этиканың жатқандығы көп нәрсені түсіндіреді. Бұл – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома десек те, егер дәлелмен нақтылайтын болсақ, бұл – бүгінгі күні ғалымдардың негіздеуімен ғылымда мойындалған теория. Ғалым Александров бұл тақырып барысында көп ізденіп, ғылымның этикасыз өмір сүре алмайтындығын дәлелдеді. Ол өз тұжырымдамасын Будда ілімінің қалыптасуын мысалға келтіру арқылы дәлелдейді. Мысалы, тарихи аңызда былай деп беріледі: «Будда үйінен шығып, айналасындағы азғындалуды, адамдардың азабын, кедейлердің қорлығы мен байлардың зомбылығын көреді. Осыдан оның көкірегенде мұқтаждарға көмектесіп, азғындалғандарды оң бағытқа бұру тілегі оянады.»

Будда этикасының ғұмыры – дәуірлерді қамтыған ілімнің қалыптасуына алып келді. Карл Маркстың да адамдарға көп нәрсені анықтаған еңбегінің жазылуына түрткі болған жәйттерден, көзқарастарынан – бұндай әрекет аңғарылады. Демек ғылымның қозғаушы күші

– этика – адамдардың қажеттілігін өтеуге деген ұмтылыс. Осы тұста объективтіліктің қажеттілігі тайға басылған таңбадай-ақ көрініп тұр. Адам басқаның қажеттілігін өтейтін әрекеттер жасау үшін ең бірінші кезекте өзіндік «меннен» арылуы тиіс. Бұндай қадамға барардан бұрын, алдымен оның талабына қол жеткізбей, не мән бермеген жандар тарапынан үлкен қателіктер кетіп жатады. Мысалға қарапайым ғана ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты алайық: анасының жақсы пиғылының перзентіне кері әсер етуі, әбден мүмкін немесе медицинадан хабары жоқ адамның өзі қаламаса да, емделушіге залалын тигізуі т.б. Ғылыммен айналысатын адам өзгелердің қажеттілігін ешқандай сезімдердің түмшалануынсыз көре білуі керек. Міне – этиканың болмысы. Осыдан журналистиканың ең өзекті мәселесі туындайды – этикаға негізделмеуі, ал салдары ғылым ретінде әлеуеттен өз орнын ойып ала-алмауында болып тұр.

Ғылымның түп негізі есебіндегі этиканың журналистикадағы рөлі қаншалықты? Өкінішке орай, тек адамдардың қажеттілігіне негізделетін объективті ақпаратты кезіктіру – өте қиын шаруа. Бұның орын алуына мына факторлар әсер етеді: сенсация қуушылық, журналистің өзіндік «менін» жеңе алмауы, саяси ықпал, толыққанды қауіпсіздіктің қамтамасыз етілмеуі. Бұлардың әр қайсысына тоқталар болсақ:

Бүгінде PR жасаудың бір жолы болып саналатын сенсация – бұрын ешкім естімеген, таңғалдыратын жаңалық болуы керек. Өмір заңдылығынан, логикалық тұжырымдамаларға сүйенсек, табиғи сенсацияның апта сайын, кейде тіпті ай немесе жыл сайын орын алуы мүмкін емес. Ал, басылымдар айлық, апталық, күнделікті жиілікте шығады. Және олардың алдында тираж көбейту, рейтинг көтеру, журнал немес газеттің сатылымын өсіру секілді мақсат тұрады. Ал, бұған сенсация арқылы қол жеткізуге ұмтылатындардың саны күн санап өсіп келеді. Таңғаларлық жағдайдың күнделікті қажеттілігіне негізделген еңбек – этикалық нормаларға қаншалықты деңгейде сәйкес бола алады? Адамдардың қажеттілігін өтеу емес, керісінше жалған көзбояушылыққа арбап, материалдық және рухани зиянын тигізу алдыңғы орынға шығып кетеді. «Караван», «Жас Алаш», «КТК» - сынды БАҚ өкілдері бұл фактордың практикадағы көрінісінің мысалы бола алады. Бұндай жағдайда журналистің адам ретіндегі жекебас мәдениетінің рөлін де жоққа шығара алмасақ керек, бұл тұрғыда аға буын, тәжіри-

белі сыншы, журналистің ой түйініне тоқтала кетейік: «Интеллигент дегенді зиялы, интеллигенцияны – зиялы қауым атап жүрміз. Ал, түптеп келгенде, бұлар тепе-тең ұғымдар емес. Хас зиялылық – рухани ақсүйектік – Табиғат-Тәңірдің берер сыйы; адам баласына тән және ең ізгі қасиеттердің квинтэссенциялық жиынтығы, тұнып тұрған парасат пен мәдениет. Хас зиялыға жан дүние, жан-жүйкенің үнемі жетіліп отыруы, осы жетілу барысында ашыла түсер тыныс-дем тән.»[1, 111]

Екінші факторды мынадай мысал тұрғысынан қарастыралық. 2012 жылы қазан айында Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қабырғасында өткен Олжас Сүлейменов, Поллад Бюль-бюль-оглу, Төлеген Мұхаммеджановпен студенттердің кездесуінің жаңалықтардағы көрінісі еліміздің әр арнасынан әр түрлі мағынада көрініс тапты. Мысалы, П.Бюль-бюль-оглу өз баяндамасында: «бейбітшіліктің маңыздылығын, бұрынғы метрополия Ресей сынды мемлекетте елші болудың өзіндік қиындықтарын» атап кеткен болатын. «Хабар» телеарнасынан аталмыш автор баяндамасының «бейбітшілікке қатысты сөздері» қиып алынған нұсқасы ұсынылса, жеке меншік басылымдарда, «Ресей доминанттығының қиындықтары» хақындағы айтқандары берілген. Осы бір жиылыстың екі жағдайда қорытылуы, журналистің бірінші кезекке аудиторияның қажеттілігін толыққанды өтеуді емес, /өз қызмет орнының/ яғни, басылымның немесе телевизияның «менін» алға қойғандығынан пайда болып тұрған нәтиже. Міне, теориялы мазмұнға құрылмаған жалаң ақпараттық жүйенің ғылыммен қайшы келер тұсы деп қарастыруға болады.

Сонымен бірге саяси ықпалдың көріністері мемлекетке тиесілі бұқаралық ақпарат құралдарынан ғана емес, нейтралды, кейде тіпті оппозициялық көзқарастағы журналистердің еңбектерінен де көрінеді. БАҚ қай кезде де саяси идеологияның күшті насихаттаушысы бола білді. Осы тұрғыда халықтың рухани қажеттілігін өтеумен емес, санасын белгілі бір идеямен улау арқылы этиканың өрескел бұзылушылығын көрсетті.

Кезінде «кеңестік интеллигенция тұтастай қарастырғанда «психикасымен де, физикасымен де ағымдағы ағынға аңсары ауды да тұрды. Зады, ағымшыл азаймай ой ағыны тазармайды. ...Бірнеше буын ауыспайынша интеллигенция «жалған көсемдік синдромынан құтыла алмайды. Бірнеше ұрпақ ауысқан соң болашақ қазақ

зиялысы, өз анықтамасына сай, шын мәніндегі рухани ақсүйек қуатты күшке айналарына сенгім келеді.»[2, 130]

Бүгінгі күні халық арасында ««Хабар» -дағы Қазақстан», ««Жас Алаш»-тағы Қазақстан» секілді сөз тіркестері жиі қолданылады. Расында, кейбір жаңалықтардан өзіңіздің жұмақта күн кешіп жүргеніңізге кәдімгідей сеніп қалсаңыз, енді бірінен өзің өмір сүріп отырған қоғамның жағымсыз, жоқшылықты, қылмысты тұстарын терген ақпараттарға куә болып сүренсіз көңіл күйге түсесіз. Бұл – журналистиканың ғылымға қатыссыз жалаң тұстарын сипаттайтын, қоғамның тіршілік тынысын баққан, биліктің ақпаратын таратушы саяси-әлеуметтік құралы ретінде дәлелдейтін деректі фактілер болып табылады. Бұдан этиканың басты критерийі объективтіліктің ең қауіпті жауы – саяси ықпал екендігі көрінеді. Сондай-ақ, толыққанды қауіпсіздіктің қамтамасыз етілмеуі салдарынан халықтың шынайы қажеттілігін өтеуді көздеген көптеген талантты журналистердің о дүниеге аттанғандығы да ешкімге құпия емес. Бұл – қоғам шындығы және жекебас трагедиясы. Бұл – көпшілік журналист талап етіп жүргендей БАҚ заңдарына өзгеріс енгізудің қажеттігін емес, керісінше қабылданған заң ережелерінің қағидаға айналып қоғамда бұлтармай толыққанды орындалуымен шешілетін мәселе. Алайда, қауіпсіздіктің кепілді болуы мүмкін емес деп қарайтын болсақ, БАҚ қызметіне өзін толықтай арнаған әрбір тұлғаның ғылыммен айналысуы да шетін нәрсе секілді, дегенмен журналист жоғары білімді маман ретінде өз білімін ғылыммен ұштастыруға құқылы. Әйтседе, салқын аудиторияда берілген дәрістен, өмірдің қайнаған қызуында жүріп алған сабақ шәкірт-журналисті өз ісіне тез бейімдеп, мамандығының ыстық-суығына төзімді жауынгер етіп тағайындары шындық қана емес ақиқат. Бұл мақсатта журналистика мамандығына медицинаның маманды қалыптастыру үрдісін тәжірибе үлгісінде қарастыруына да болатындай. Мысалы, алғашқы екі жылын теориялық негіздеуге арнаған студент, өзін келесі екі жылда арнайы бағдарлама негізінде жоспарланған тәжірибеде шынықтырып келіп, осы төрт жылдық оқу-білім және еңбек тәжірибесі негізінде теориялық жұмыс жазып қорғаса, ол әлдеқайда журналистика мамандығының табиғатына жақынырақ және дәлелді болар еді. Міне, бұл сәт – біздің ойымызша мүмкін журналистика мамандығы үрдісіндегі ғылым мен тәжірибенің ұштасар бастапқы тұсы болар еді.

Қорыта келе айтарымыз, қазақ журналистикасының бүгінгі таңда туындап отырған кейбір

басты да маңызды мәселелері өз алдына ғылым саласы болып қабылданбауына келіп тіреледі.

Әдебиеттер

- 1 Бөпежанова Ә. Қазақ зиялылары: өткені, бүгінгі, ертеңі. // Кітапта: Дүние имани күбылыс. Алматы: Өлке. 2001.
- 2 Сүлейменов А. Шындық – көп, ақиқат – жалқы. // Кітапта: Дүние имани күбылыс. – Алматы: Өлке, 2001.

References

- 1 Bopzhanova Ä. Kazak ziyalylary: ötkeni, bygini, erteni. // Kitapta: Dynie imani kübylys. Almaty: Öлке. 2001.
- 2 Süleymenov A. Shyndyk – көр, aқиқат – zhalky. // Kitapta: Dynie imani kübylys. – Almaty: Öлке, 2001.